

Шортанды ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № А-7/154 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 шілдеде № 7287 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № А-10/225 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 15.11.2019 № А-10/225 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1 тармағына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шортанды ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімнің орынбасары Е.Қ. Мұхамединге жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г.Сәдуақасова

Шортанды ауданы әкімдігінің
2019 жылғы " 22 " шілдедегі
№ А-7/154 қаулысымен
бекітілген

Шортанды ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы	Орналасу орындары

1	Шортанды кенті	Феликс Дзержинский көшесі, Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы "Шортанды аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының жанында
2	Дамса ауылы	Александр Велижанцев көшесі, "Шортанды аудандық білім беру бөлімінің "В. П. Кузьмин атындағы Дамса орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
3	Степное ауылы	Асар көшесі, "Айжадыра" дәмханасының жанында
4	Научный кенті	Мерей көшесі, Шортанды ауданының "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталығы ғимаратының жанында
5	Жолымбет кенті	Абай Құнанбаев көшесі, Шортанды ауданының "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталығы ғимаратының жанында
6	Андреевка ауылы	Мұхтар Әуезов көшесі, "Қарлығаш" және "Анастасия" дүкендерінің жанында; Дінмұхамед Қонаев көшесі "Жұлдыз" дүкенінің жанында
7	Октябрьское ауылы	Жастар көшесі, "Шортанды аудандық білім беру бөлімінің "Октябрьская негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
8	Раевка ауылы	Абай көшесі, "Шортанды аудандық білім беру бөлімінің "Раевская орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
9	Гуляй Поле ауылы	Сәкен Сейфуллин көшесі, "Горизонт" дүкенінің жанында
10	Новограф ауылы	Бейбітшілік көшесі, Шортанды ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Орталықтандырылған кітапханалық жүйесі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
11	Пригородное ауылы	Целинная көшесі, "Баскөл-2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының жанында
12	Камышенка ауылы	Абай көшесі, "Комагро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының жанында
13	Петровка ауылы	Приречная көшесі, "Петровское" акционерлік қоғамының дәмханасы мен наубайханасы ғимаратының алдында
14	Қара-Адыр бекеті	Элеваторная көшесі, "Алтын-Дән 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының алдындағы алаң
15	Белое Озеро ауылы	Достық көшесі, Шортанды ауданының "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталығы ғимаратының жанында
16	Новоселовка ауылы	Абай көшесі, "Новоселовка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының жанында
17	Новокубанка ауылы	Кан де Хан көшесі, орталық алаң
18	Алтайское ауылы	Болашақ көшесі, Шортанды ауданының "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталығы ғимаратының жанында
19	Бозайғыр ауылы	Лян көшесі, Шортанды ауданының "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталығы ғимаратының жанында; Дінмұхамед Қонаев көшесі, кіре берістегі автобус аялдамасының жанында
20	Төңкеріс бекеті	Сәкен Сейфуллин көшесі, Шортанды ауданының "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталығы ғимаратының жанында
21	Бектау ауылы	Дінмұхамед Қонаев көшесі, орталық алаң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК